

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 158 қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2009 жылғы 01 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 1724 болып енгізілді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 142 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2010.04.29 № 142 Қаулысымен.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабындағы 2 тармағының 8) тармақшасына сәйкес және «Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы № 296 қаулысының негізінде Жамбыл облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгіленген тәртіппен мемлекеттік білім беру тапсырысын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бар білім беру ұйымдарына орналастырсын.

3. Бекітілген білім беру тапсырысы шегінде «Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы № 296 қаулысымен белгіленген квота қолданылады деп анықталсын.

4. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі мамандар даярлаудың 2008-2009 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2008 жылғы 25 сәуірдегі № 149 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1687 болып тіркелген, 2008 жылдың 12 маусымында № 81-82 «Знамя труда» және 2008 жылдың 12 маусымында № 91-92 «Ақ жол» облыстық газеттерінде

жарияланған) күші жойылсын.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары Құмар Іргебайұлы Ақсақаловқа жүктелсін.

Облыс Әкімі

Б. Жексембин

Жамбыл

облысы

әкімдігінің

2009

жылғы

29

сәуірдегі

№ 158 қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімиятының 2009.06.25 № 237 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Мамандықтардың коды	Мамандықтардың атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы	
			барлығы	оның ішінде қазақ тілінде оқыту
1	0506012	Шаш үлгілерін жасаушы	25	25
2	0508012	Аспаз	279	159
3	0518012	Бухгалтер	25	25
4	0902022	Бақылау-өлшеу приборлары және автоматтандыру бойынша слесарь	15	0
5	0910032	Жарықтандыру және жарықтандыру желілері бойынша электромонтаждаушы	25	25
6	1108012	Вагондарды қараушы	30	30
7	1108032	Жылжымалы құрамдарды жөндеу слесары	20	0
8	1108062	Тепловоз машинисінің көмекшісі	25	0
9	1108072	Электровоз машинисінің көмекшісі	60	30
10	1109012	Токарь	105	45
11	1114042	Электргазбен пісіруші	468	368
12	1115042	Электржабдықтарды жөндейтін және қызмет көрсететін электромонтер	118	65
13	1201000	Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету	330	200
14	1203012	Теміржол станциясының кезекшісі	30	30
15	1211000	Тігін өндірісі және киімдерді моделдеу	295	175

16	1219132	Наубайшы шебер	50	50
17	1303022	Сигнал беру құрылысын орталықтандыру және блокадалау жабдықтарына қызмет көрсетуші және жөндеуші электромонтері	55	0
18	1304012	Электрондық есептеу машинасының операторы	260	140
19	1304063	Компьютер құрылғыларына қызмет көрсететін технигі	25	0
20	1401000	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану	241	127
21	1403012	Слесарь-сантехник	20	0
22	1414000	Жиһаз өндірісі	25	0
23	1504000	Ферма шаруашылығы (бейіндері бойынша)	370	320
24	1504092	Электржабдықтарға қызмет көрсетуші	50	50
25	1513012	Малшаруашылығында ветеринарлық өңдеуші операторы	50	50
26	1513022	Малдарды жасанды ұрықтандыру операторы	25	25
27	0105043	Қазақ тілінен бастауыш білім беру мұғалімі	25	25
28	0105013	Бастауыш білім беру мұғалімі	50	25
29	0106013	Бейнелеу өнері және сызу пәнінің негізгі орта білім беру мұғалімі	15	15
30	0108000	Музыкалық білім беру	15	15
31	0105023	Информатика пәнінен мұғалімі	25	25
32	0105033	Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі	25	25
33	0405333	Хор дирижері	6	6
34	0404000	Аспапта орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	15	15
35	0413000	Сәнді қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейім бойынша)	10	10
36	0301000	Емдеу ісі	119	75
37	0302000	Медбикелік іс	100	100
38	0309000	Акушерлік іс	25	25
39	0306000	Фармация	25	0
40	0409000	Актерлік өнер	10	10
41	0518000	Есеп және аудит	230	175
42	0515000	Менеджмент (салалары және қолдану аясы бойынша)	26	26
43	0515013	Менеджер	25	0
44	0104000	Кәсіптік білім беру (саласы бойынша)	100	75
45	1513000	Ветеринария	125	125
46	1305000	Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша)	125	100
47	0706000	Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу	50	50
48	0707000	Таукен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	100	75
49	0809000	Мұнай және газ кен орындарын пайдалану (бейім бойынша)	100	100
50	1013000	Механо өңдеу, өлшеуіш-бақылау приборлары және машина жасау автоматикасы	105	25
51	1112000	Өнеркәсіп өндіріс машиналары және жабдықтарын пайдалану	25	25
52	0711000	Маркшейдерлік іс	25	25

53	0911000	Электромеханикалық құралдарды техникалық пайдалану қызмет көрсету және жөндеу электр (түрлері бойынша)	130	105
54	1304000	Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру	155	105
55	0816000	Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	25	25
56	0818000	Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	25	25
57	0819000	Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы	25	25
58	1218000	Азық-түлік өндірісі	25	25
59	1405000	Газбен қамтамасыз ету жүйесімен жабдықтарды монтаждау және пайдалану	70	70
60	1410000	Автомобиль жолдары және аэродромдар салу және пайдалану	75	75
61	1510000	Ауыл шаруашылығын механикаландыру	50	25
62	1511000	Жерге орналастыру	25	25
63	1502000	Агрономия	100	75
64	1504113	Фермер	75	50
65	1512000	Зоотехния	50	50
66	0506000	Шаштараз өнері және сәндік косметика	30	0
67	051306 3	Тауартанушы	25	25
68	1006000	Металл өңдеу (түрлері бойынша)	25	0
69	0713000	Геодезия және картография	25	0
70	1403000	Ішкі санитарлық-техникалық құрылғылар мен вентиляцияны монтаждау және пайдалану	25	25
71	1306000	Радиотехника және байланыс (түрлері бойынша)	50	25
72	0902043	Электрмен қамтамасыз ету (салалары бойынша)	75	75
	Жиынтығы:		5607	3941